

БӨКЕНБАЙ БАҒАДҮР: ЕСКЕРУСІЗ ЕРЛІГІ МЕН ОТТЫ РУХЫ (немесе айтылмаған аңыз,ескерілмеген ерлік,бағаланбаған батыр туралы)

Қарлығашов Ж.М.

Архивте жоқ тіпті суретін
Іңкәрланып жүзіңе үңілетін.
Ел аузында ерлігің аңыз ғана,
Еске алып өзіңе жүгінетін.
Ж.Айтжанов .

Еліміздің тарихи деректерін анықтаған сайын біз халқымыздың көрнекті тұлғаларын , олардың аңызға айналған ерліктері мен ақыл парасатын таразылап, өткен тарихи жолымызды тани түсеміз. Бұл тұрғыдағы іс-әрекет қажеттілік. Ұрпақ тәрбиесіне тигізер ықпалы зор болмақ.

Есімдері ел есінде сақталған тарихи тұлғалардың ішінде қалын қазағының қамын ойлаған, ел басқарған хандар , қысылтаң шақта қол бастап, намыс үшін басын өлімге қиған батырлар, қара қылды қақ жарған билер мен елінің көзін ашып, білімге жетелеген ғұлама ғалымдардың аттары шығып, толысуда. Бұл -қуанатын жағдай. Бұл - бүгінгі күні қажет жұмыс.

1998 жылы Елбасы Ақтөбе облысына келген сапарында: «Орыс ұлты мен мемлекетінің тағдыры үшін Полтава, Куликово, Бородино түбіндегі орыс жасақтарының жеңісі қандай маңызды болса, қазақ халқы ішінде Бұлақты-Білеуті және Аңырақай бойындағы даңқты ұлы жеңістеріміз сондай қымбат»- деп, қадап айтқан болатын. «Халқымыздың қаһармандық кезеңін, қазақ халқының рухы аруақтанып, аспанға көтерілген тарихи жарқын сәтін бүгінгі ұрпақ жете біле бермейді» -деген болатын Президент Н.Ә.Назарбаев сонда тағы бір сөзінде.

Бұның жаны бар. Қазақ халқының тағдырында ерліктің айбышын көрсетіп, елдің қорғаны болған тарихи тұлғалардың ішінде дулығалы батырлардың алар орны ерекше. ХҮІІІ қазақ елінің жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық соғысында аты аңызға айналған табын Бөкенбай Қарабатырұлының ерлік ісіне тарихи әділ бағасының берілмей келе жатқаны, есімінің тасада қалуы- өкінішті жағдай. Жүрек сыздатады.

«Ақтөбе» газетінің 2003 жылғы 18 қараша күнгі бетінде жарияланған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің профессоры, тарихшы З.Байдосовтың Бөкенбай батыр туралы тың мәліметтер, деректер беруі ұлы тұлға турасында басталған зерттеудің басы деп санаймыз. Әлі де күрделі сараптау мақалалар жазады деген үміттеміз. Тарихи құжат

деректеріне сүйенсек, Бөкенбай батырдың өмірін бірнеше кезеңге бөліп, қарастыруға болады.

Бөкенбайдың патриотизмі, Отанын жанынан артық сүюі – биікке көтерілуінің негізгі себебі.

Дүрбін-Ойрат жағынан қайтадан қатер туғанын сезген Тәуке хан Қарақұмда бүкіл Қазақ Ордасының құрылтайын шақырды. Бұл жиын Арал өңірінде алты ата әлімнің белді тайпасының бірі каракесектердің жерінде өткендіктен, «Қаракесек жиналысы» -деген атпен тарихқа кіргенін орыс саяхатшысы Яков Петрович Гавердовский жазып кеткен болатын. Алты алашты тағы да үрей бұған шақта жиында әр түрлі пікірлер айтылады. Басым көпшілігі жоңғарға бас ұрып, қонтайшының бодандығын қабылдау болса, баз біреулер көтеріле көшіп, қалың құмды саялап, жан сақтауды ұсынады. Шешімі табылмай тұрған осындай қиын шақта, хандар мен билердің, шонжарлардың алдында шығып сөйлеген Бөкенбай сөзі елдің намысын оятып, жігерлендіріп, ақтық күреске түсуге топтастырады. Осы сәтті «Үркер» романында жазушы Әбіш Кекілбаев Бөкенбай батыр: «Қашып бара жатып төгетін қанды біз неге осы атамекенімізде ақтық деміміз таусылғанша шайқасып жүріп төкпейміз? Өз басым осы ата қонысымда қаламын. Бірақ тірлігімде күн шығыстан босып келе жатқан қазақты көрсем де, мейманасы асып, бөсіп келе жатқан ойратты көрсем де, қанжарым сынғанша қарнап, найзам сынғанша шаншып бағам»-деп көрсетеді, / Ә.Кекілбаев. –«Үркер», 1999, 120б./.

Құрылтайда үш жүзден құрылған біріккен қолдың Бас қолбасшысы болып Әбілхайыр хан сайланып, Бөкенбай батыр бас сардар болып, ай жүзді ақ семсерді қолына алады. Осындай тарихи қиын жағдайда алғаш рет қазақ Ордасының тарихында ұлыс тағдыры ханға емес, сұлтанға емес, кара қылыш батырға тапсырылады.

Үміт ақталып, Бөкенбай бастаған шерулі қол 1710-1711 жылдардағы дүрбелең майданда қалмақтарды тойтарып, келесі 1712 жылы ойрат ұлыстарының шетіне баса кіріп, қазақтың біраз қоныстарын қайтарып, жеңіске жеткен болатын, / М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі», 1995, 91-92б./.

«Ақтабан – шұбырындыдан» кейінгі кезеңде, 1726 жылы Ордабасында үш жүздің басын қосқан екінші құрылтайда аттары елге танымал Қазыбек би, Төле би, Айтеке бидің шешімімен екінші рет Әбілхайыр хан біріккен қазақ күшінің Бас қолбасшысы болғанда, Бөкенбай батыр үш жүз түменінің Бас Сардарлығына тағы тағайындалды.

Алғашқы үлкен майдан 1728 жылы Арқада, Сарысудың батыс торабындағы Бұланты өзенінің бойында өтеді. Ұрыс болған жер «Қалмаққырылған» деген атқа ие болады. Сол ерлік сәтін – «Бөкенбай батырдың білектеріне жасыл орамал байлаған мың жігіті Галден Цереннің қолына күтпеген жерден найзадай кіріп, орталарына ойран салып,

шайқастың қызу ортасынан сытыла шығып, кейін қарай салды. Абыржыған жоңғарлар басқарудан ада болғанмен, қашқан жауды қуғанда, өздерінің соры екенін білген жоқ»- деп көрсетеді Әбіш ағамыз «Үркер» романында. Міне, осы сәттерден Бөкенбайдың өз Отанын жанынан артық сүйетінін , тәуекелшілдігін, соғыс стратегиясын жетік білетіндігін пайымдаймыз.

Бөкенбай батырдың 1710-1730 жылдары жоңғарға қарсы күрестегі еңбегін, ерлік істерін тар өрісті кейбір тарихшылар мен жазушылар саналы түрде назардан тыс қалдырды. Оны қайсыбіреулердің көп Бөкенбайлардың / Бөгенбай / біреуіне теліп бұрмалап, тарих төрінен шеттетуге ниет етіп те жүргендері жасырын емес. Бұл- әділетсіздік. Бірақ, қанша бұрмалағанмен шындықтан аттап кету мүмкін емес. Қазіргі кезеңде ауыл- ауылдың арасына атоылап шауып, барымтаға барып мал ұрлап, шуылдатып ит үргізіп, шаң көтергендерді де батырлар қанатына қосып, ас беріп, кесене тұрғызып, дәріптеп жатқанда Бөкенбай батырдың елге сіңірген еңбегін елеп, әділ бағасын беру- азаматтық міндетіміз. Бұл – елдігімізге сын тіпті.

Қазақ хандығының елін-жерін, халқын сақтау саясатында Ресей патшалығының құрамына кіруі әр түрлі бағаланып жүр. Осындай қысылтаяң шақта шешім қабылдауынан, ел басына төнген қиын сәтте тәуекелге бел буып, қол бастап жоңғарларға күйрете тойтарыс берген, Әбілхайыр ханның сау басын саудаға салып, ағайындарының күйе жағатынын біле тұрып, болашақ үшін жасаған ісінен көрегендік, саясаткерлігін көреміз. Ойлаған ойын іске асыруда Әбілхайыр ханның күмәнсіз сенім артқаны кіші жүздің батырлары, соның ішінде үш жүзге аты жайылған Табын Бөкенбай мен Тама Есет батырлар еді. Себебі хан әулетіне қос батырдың ағайыншылық қатынаста болуы Әбілхайыр ханның сенімін нығайта түскен еді. Ханның әкесі Абдолла сұлтан Бөкенбайдың әкесі қара найза Қарабатырға қарындасы Құттыбикені бергендіктен , Әбілхайырмен Бөкенбай нағашылы-жиенді болса және хан батырдың тұла бойы тұңғышы Тіленшіге кіндік әке болатын. Есетке келсек, ол бірде жорықта жүргенде жоңғарлар ауылын шауып, сүйген жарымен ұлын тұтқындап әкетеді. Содан :

« Арманым Ақтаңдайдан ұл сүймедім,

Арманым Ақмоншақтай ат мінбедім.

Ел қорғап дұшпаныммен соғысқанда,

Арманым жау қолында неге өлмедім»- деп күйзеліп жүргенде, жақын тартып, дос қылып, қарындасы Еңсеп сұлуға үйлендіріп, алдына мал салып, құлаған үйінің шаңырағын қайта көтерткен, ағайындары емес, қанды көйлек жолдасы осы Табын Бөкенбай болатын. Олардың достығының шынайы , өмірлік екенін Әбілхайыр біліп, арқа тұтты.

Келесі бір арқа сүйегені , Шақшақ Жәнібек батыр да Әбілхайырдың қарындасына үйленіп, күйеу болып келетін.

Орта жүз бен Ұлы жүздің хандарынан , кейбір сұлтандары мен билерінен түгелдей қолдау таппайтынын сезген Әбілхайыр хан кейін көп уақыт «Хан ордасы» болып келген Түркістаннан шығып, орта жүз бен кіші жүздің шектескен жері – Торғай мен Ырғыз өзендерінің сағасына, Мойынтөбеге келіп ордасын тікті. Оған қоса саясатын толық іске асыру үшін , елшілеріне кездесуде сенімді жер арқылы жүргізіп, қауіпсіздігін қамтамасыз ету болатын.

Келесі себебі, Бөкенбай дәулетті адам болып, Уфа қаласында сауда үйін ұстап, башқұрт, татар сұлтандарымен қарым-қатынаста болғанын ескеріп, соның беделімен саяси - әлеуметтік және экономикалық қатынасты жандандырып, саясатында пайдалану мақсатын іске асыру еді.

1730 жылы қыркүйектің 8 жұлдызында алғаш рет Әбілхайыр ханның Анна Иоановна ханшаға жолдаған хатын Сейтқұл Қойдағұлұлы мен Құлмұбет Қоштайұлы бастаған елшілер тобы Уфа қаласындағы орыс елшілігіне табыс етті.

1731 жылдың 30 сәуірінде қазақ жерінің өз еркімен Ресей патшалығының құрамына кіргендігі туралы грамотаға ханша қол қойып, хан ордасына арнаулы елшілер аттанды. Елшілер тобын шоқынған татар Құтлұмухамед Искендер, тарихи таңбаланған аты Алексей Иванович Тевкелев бастап шықты.

Сұлтан Нұралы бастаған елшілер тобы Мойынтөбедегі Әбілхайыр ханның ордасына 1731 жылдың қазан айының 5-ші жұлдызында жетті. Бес күннен кейін Хан ордасында Кіші жүз бен Орта жүздің ықпалды ру басшылары, билері және сұлтандары жиналған жиылыс болды. Жиында Ресей қол астына өтуі жөніндегі Әбілхайыр ханның ұсынған саясаты сынға түсіп, қарсы келушілер жағы бой ала бастағанда , суырылып шығып: «Мен Әбілхайыр ханмен бірге Ресей қол астына енгім келеді, сол үшін Ресейге бодан болдым деп ант етемін»- деп, Бөкенбай бұзылғалы тұрған саясат көшінің басын түзеген. Осыдан кейін құран ұстап Әбілхайыр хан, Бөкенбай, Есет, Құдайпазар бастаған 27 қазақтың ықпалды адамдары анттарын бекітті. Көпшіліктің шешімімен қарапайым халыққа , түсінбей жүрген би-сұлтандарға әрі қарай шиеленіскен жағдайда жылы сөзімен Ресей құрамына кірудің тиімділігін, қан төгіске бармай түсіндіру міндеті Бөкенбай батырға жүктелді.

Осы жерде айта кеткен жөн болар, Тевкелевтің жазған күнделігінде, архивтерде сақталған тарихи құжаттарда Бөкенбайдың атқарған міндеті , шиеленіскен жағдайды шешудегі ролі өте жоғары бағаланады. Тевкелев хан сарайында Бөкенбайдың сол ортада беделінің аса мықты екенін білгеннен кейін, өзіне жақын тарту мақсатында 500 сомның тауарын ұсынғанда, Бөкенбайдың жауабын күнделігінде былай деп жазады: «И

Букенбай-батыр сказал, что он таких товаров не возмет, а будет услуги показывать без того. Ежели ж возмет товаров, то будет служить для денег, а не для верности к Е. и.в., за что не сподобиться доброй славы...». / 8 казан,1731г. А.И.Тевкелевтің күнделігі /. Осыдан кейін Тевкелев Бөкенбаймен жақын қарым- қатынаста болып, батырдың отбасымен етене араласып, дәм татысып жүрген.

Тевкелев 1732 жылы қаңтардың 5-күні кіші жүз қазақтарының Ресейге қосылуы туралы вице-канцеляр, граф А.Остерманға жолдаған баяндамасында: «... понеже три месяца был я почти под саблею, и на каждый день объявляли мне смерть. Однако з божеского помощью насила их успокоил и привел в подданство все росейское, ибо господь бог дал мне одного доброго человека- помощника из киргиз-казацких и знатных старшин называемого Букенбай-батыром, чрез которого я себе получил от смерти спасения и ево старанием киргис-кайсаков в подданство всероссиское привел.

Всепокорно прошу Вашего высокографского сиятельство оного посланца милостиво приказать особливо наградить» деген өтінішін білдіреді. Бұл ризашылықтың белгісі.

1733 жылы сәуірдің 10-ы күні қазақтардың Ресейге өз еркімен қосылғандығы туралы шет ел коллегиясына жазған ұсынысында: « Надлежит высочайшею Е. и.в. протекциею обнадежить, и особливо вышеозначенного Букенбай-батыра, ибо киргис-кайсацкая надежда вся состоит в нем, а он человек умной и доброго состояния»- деп көрсетеді / А.И.Добромысов-1том. Орынбор, 1900. 107бет/.

Міне ұлты бөлек, діні бөлек адамның берген бағасы осы. Бөкенбай өзін өмір сүрген ортасында «қарамын» деп қымсынбай, ханмен де, сұлтан билермен де тең ұстап, Отанын қорғауда ақылмен де, білектің күшімен де аянбай қызмет жасаған үлкен саяси тұлға.

Қазақ тарихында қарадан шығып халықтың қалауымен қиын шақта бірнеше рет қол бастаған батырлардың бірегейі осы Бөкенбай Қарабатырұлы екені шындық. Бұған талас, дау болатындай негіз жоқ, мүмкін де емес.

Бөкенбайдың шежіресіне жүгінсек, атадан балаға мирас еткендері-батырлық. Бөкенбай ұрпақтарының бүгінгі жалғасы Ғалымгереев Қапият ақсақалдың айтуынша, ұрпаққа батырлық Жиенбеттен тараған. Жиенбет әрі батыр, әрі би болған деп айтады. Оның баласы Алдасүгір / лақап аты Қарабатыр/ - атына лайық, жаумен алысқан батыр. Одан әрі Бөкенбай, баласы Тіленші, немересі Жоламан аттары тарихқа енген қазақ қаһармандары екені бәрімізге белгілі.

Қазақта туған жер, ата-қоныс деген атаулар аса қастерленеді. Ғалым Зәкіреддин Байдосов ерінбей – жалықпай іздену арқасында Бөкенбай

батырдың бейітін тапты. Оны жасы үлкен сол төніректің ақсақалдары да қостап отыр. Туған жері белгісіз.

1742 жыл маусымның 7- күні Орынбордың экстракт комиссияның шет ел коллегиясына жолдаған қазақ , қалмақ және башқұрттардың арақатынасы туралы хатында Жайық казагі Харкиннің айтуынша, Бөкенбай ауылы Қалдығайты мен Бұлдырты өзенінің бас сағасында, Жайық бекетінен атпен төрт күндік жер. Казак Харкин Бөкенбай батырдың 500 сарбазымен түркімендерге кетіп, қаза болғанын хабарлайды. Осы хабар Зәкіреддин ағамыздың Бөкенбайдың бейітін анықтаған жерін растай түскендей.

Енді шыққан тегіне, ата-қонысына келетін болсақ, Бөкенбай батырдың руы- Тарақты ,Табынның Жиенбет бөлімі. Әр рудың өзінің қыстауы мен жайлауы бар екенін ескерсек, бізге жеткен құжаттарда Тарақты Табындардың ата-қоныстары, көші-қон бағыттары Жайық-Елек құйылысынан бастап, Қалдығайты, Бұлдырты мен Ор-Ұя өзендерінің аралығын алып, Жем, Сағыз арқылы Нарын құмына кіреді. Қарабатырдың бейіті Мәртеқ ауданының Палтау селосынан 12 шақырым жерде, Орынбор облысының Қуандық ауданында жатқаны сөзімізге нақты дәлел.

Қырғыз / қазақ / өлкесін басқару жөніндегі Әскери төңкеріс комитетінің мүшесі А.Байтұрсынов баяндамасында осыны дәлелдей келіп: «Көшу қалай болса солай, әркімнің ойынша емес, қатал тәртіп бойынша әрбір ауыл үшін ерте заманнан бері айқындалған белгілі бағытпен, келіскен жермен жүреді. Бұл жерде кездейсоқтық деген атымен болмайды. Барлығы аймақтың ерекшеліктеріне сәйкес үйлестірілген»- деп көрсетеді / ҚРОММ 14.кор тізімдеме /. Соның айғағы , қазіргі уақыттың өзінде Тарақты Табындардың шоғырланған жерлері – Ақтөбе облысында Мәртеқ ауданы, Қобда ауданында төмендегі Кіші Қобда мен Елек өзенінің арасы Орынбор облысында Елек пен Ор өзені аралығы, Жайық бойы Ақбұлақ, Тұзтөбе, Елек қаласы және Батыс Қазақстан облысында Шыңғырлау және Бөрлі аудандары.

Елге танымал бүгінгі қазақтың ару қызы Айсұлу ханым «Иманға жүгін,ей, пенде!»- деген толғауында :

Қырық ру!

Қырық жұрт!

Бәйтерегім!!!

Тамырыңнан үзілсең, қайтер едім?!!

Өткен үшін – салауат!!!

Ей, Туғандар!!!

Шын ойласақ тағдырын Атажұрттың!!!

Көтеріңдер рухымды қайта менің!!!

деген өлең жолдары Бөкенбай батырдың бүгінгі ұрпаққа арнаған сөзіндей.

Ойлаймын, Зәкіреддин ағаны қолдап, ұмытылған тарихтың бір бегін ашуға септігін тигізетін азаматтар республика көлемінде бар. «Көп түкірсе-көл » дегендей ынта мен іс біріктіріп, ниеттеніп Бөкенбай бабамыздың атын бүгінгі ұрпаққа кеңінен таныстырсақ рухын оятар, өнегелі іс болар еді.

Резюме

Это статья о героисте и дух огня ненапоминаемой Бугенбая Бахадур (или о несказанном мифе и о бесценной героине)

Özet

Bu makale Kazak kahramanı Bökembay Bahadır'ın anımsanmayan kahramanlığı ve yüksek ruhu (veya söylenmemiş bir efsane, anımsanmayan kahramanlık, saygı gösterilmeyen bahadır) hakkındadır.

Resume

This article writes about spirit and fire not remember Bugenbai Bakhadur. (Or about not talked myth and not valwable hero.)

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі-бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды тіл жоқ.

Мағжан Жұмабаев.